

Бекітілді

«Айжанай» балабақшасының
Меңгерушісі: Махамбетова А.



**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ
БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫН ІСКЕ АСЫРУДА ӨТПЕЛІ
ТАҚЫРЫПТАР БОЙЫНША «Балапан» КІШІ ТОБЫНЫҢ
ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**

2021-2022ж

ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР

2021жыл қыркүйек айы

Өтпелі тақырып «Балабақша»

Мақсаты: кіші жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқыту негізінде танымдық ой-өрістерін, адамгершілік, эстетикалық дамуын, денсаулығын нығайту, білім, білік, дағдыларын қалыптастыру

Міндеттері:

- әдептілік ережелерімен таныстыру, ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту;
- қоршаған орта туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру және өзіне қызмет ету дағдыларын дамыту.
- Сенсорлық қабілеттерін, танымдық қызығушылықтары мен шығармашылық қиялдарын жетілдіру;
- музыкалық ырғақты қимылдарға қызығушылықтарын қалыптастыру;

Тақырыпша	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3	Қатынас-1 Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет -0,5	Таным- 2 Сенсорика-0,5 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	Шығармашылық- 3 Сурет салу-1, Мүсіндеу-0,25 Жапсыру-0,25; Музыка – 1,5
1-апта	Дене шынықтыру Тақырыбы: «Жүгіру». Мақсаты: Бірқалыпты шеңбер бойымен денені тік ұстап жүгіреді. Тақырыбы: «Жүру» Мақсаты: Шеңбер бойымен қолұстасып денені тік ұстап жүреді		Сенсорика Тақырыбы: «Балабақшаға баратын жол» Мақсаты: балаларға жолды жасау үшін, берілген түстерден 4 түсті: қызыл, көк түсті таба алады. Жаратылыстану Тақырыбы: «Топтағы гүлдер» Мақсаты: Балалар гүлдер туралы түсініп, гүлдерге қамқорлық жасауды біледі.	Сурет салу Тақырыбы: «Балабақшадағы әдемі бояулар» Мақсаты: Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығы оянады. Ресурстар: Қағаз, Түрлі-түсті бояулар Музыка Тақырыбы: Айгүл қонақта Мақсаты: музыка әуеніне сәйкес қимыл жасайды.
2-апта	Дене шынықтыру Тақырыбы: «Секіру» 1. Мақсаты: бір орында тұрып екі аяқтап секіреді	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Екі дос» (өлең) Қадыр Мырза Әли	Құрастыру Тақырыбы: «Үйшік» Мақсаты: Үй құрлысының жетіспейтін бөліктерін таба білу біліктерін қалыптастырады.	Сурет салу Тақырыбы: доп. Мақсаты: Дөңгелек сызықтарды жүргізеді. Мүсіндеу

	2.Тақырып: «Еңбектеу» Мақсаты:арқанның астымен төрттағандап(алақанымен, тіземен тіреп) еңбектейді. 3.Тақырыбы: «Өрмелеу» Мақсаты:Ауданы 50*50см, биіктігі 10см мінбеге өрмелейді.	Мақсаты: Өлеңдердегі қарама-қарсы бейнелерді түсінеді.	Жаратылыстану Тақырыбы: «Менің қанатты достарым» Мақсаты: Аулаға ұшып келетін құстарды бақылайды.	Тақырыбы:«Досыма арналған моншақ » Мақсаты:Балалардың ермексаз туралы білімдерін қалыптастырады. Музыка Тақырыбы: Айгүл қонақта Мақсаты: музыка әуеніне сәйкес қимыл жасайды.
3-апта	Дене шынықтыру 1. Тақырыбы: Лактыру Мақсаты: Допты екі қолмен1-1,25 арақашықтағы нысанаға лақтырады. 2.Тақырыбы: Тепе теңдік сақтау Мақсаты:Гимнастикалық орындықтың үстімен тепе теңдік сақтап жүреді. 3. Тақырыбы: Велосипед Мақсаты: Үш дөңгелекті велосипедке отырады.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Ойыншықтар достығы. Мақсаты:Ойыншықтар және олардың достығы туралы қысқа әңгіме құрастыруға үйренеді.	Сенсорика Тақырыбы: Менің сүйікті ойыншығым Мақсаты: Қолдың ұсақ бұлшық еттерінің сенсомоторлық үлесімділігін дамытады. Жаратылыстану Тақырыбы:Өлі табиғат Мақсаты: Өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейтеді.	Сурет салу Тақырыбы:Жол Мақсаты:Түзу, көлденең,тік сызықтарды жүргізеді. Музыка Тақырыбы: Көңілді сылдырмақтар Мақсаты: ойыншықтар арқылы балалардың музыкаға деген сезімдері артады. Музыка Тақырыбы: Көңілді сылдырмақтар Мақсаты: ойыншықтар арқылы балалардың музыкаға деген сезімдері артады.
4-апта	Дене шынықтыру Тақырыбы: «Жүру» Мақсаты:Кедергілерден аттап жүреді. 2.Тақырыбы: Жүгіру Мақсаты:бірінің соңынан бірі(20м дейін) жүгіреді. 3. Тақырыбы: Секіру Мақсаты:Лентамен еденде 10-20 см қашықта(2 арқаннан тұратын	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Бауырсақ»(ертегісі) Мақсаты:Ертегінің мазмұнын түсінеді.	Құрастыру Тақырыбы: Қуыршаққа арналған орындық Мақсаты: Құрылыс материалдарынан бөлшектеріненорындық құрастырады Жаратылыстану Тақырыбы: Бағбан еңбегі	Сурет салу Тақырыбы: «Күн» Мақсаты: балалардың ашық түсті бояуларға деген эмоционалды-эстетикалық қатынасын білдіреді Музыка Тақырыбы: Қуыршақпен билейміз. Мақсаты: ойыншық көмегімен қимыл-қозғалыс жасау дағдылары қалыптасқан. Жапсыру Тақырыбы: «Үстел»

	жолақ арқылы) жатқан арқаннан секіреді.		Мақсаты: Ауладағы ерсектердің еңбегін бақылайды.	Мақсаты: Фланелеграфтің кенебін қолдану арқылы геометриялық пішіндерді орналастырады.
--	---	--	---	--

Қазан айы Өтпелі тақырып: «Менің ОТБАСЫМ»

Мақсаты: балалардың отбасы туралы түсініктерін қалыптастыру, отбасы мүшелерін ажырата білуге, оларды жақсы көруге, көмек беруге үйрету. Туыстық байланыс туралы түсініктерін дамыту: ана-әке, аға-апа, ата-әже.

Міндеттері:

- отбасы туралы алған білімдерін кеңейту, сөздік қорларын, танымдық қабілеттерін дамытуға ықпал ететін ойын түрлерін ұйымдастыру;
- денсаулық сақтау технологияларын қолдана отырып, балалардың дене дағдылары мен негізгі қимыл түрлерін жетілдіру;
- отбасы мүшелеріне сүйіспеншілік пен сыйластыққа тәрбиелеу.

Тақырыпша	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3	Қатынас-1 Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет -0,5	Таным- 2 Сенсорика-0,5 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	Шығармашылық- 3 Сурет салу-1 Мүсіндеу-0,25 Жапсыру-0,25 Музыка – 1,5
1-апта	Дене шынықтыру Тақырыбы: «Еңбектеу» Мақсаты: Доғаның астымен нысанаға дейін төрттағандап(алақанымен, тіземен тіреп) еңбектейді. 2.Тақырыбы:«Өрмелеу» Мақсаты:Ауданы 50*50см, биіктігі 10см мінбеге өрмелейді. 3. Тақырыбы:«Қағып алу»	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Менің отбасым» Мақсаты: Отбасы туралы түсінеді және отбасы мүшелері туралы ойын анық жеткізіп, әңгімелей біледі.	Сенсорика Тақырыбы: «Терезелі үй» Мақсаты: Ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындайды. Жаратылыстану Тақырыбы: «Көкөністер» Мақсаты: Көкөністер туралы қарапайым түсініктерін қалыптастырады. (Қияр, қызанақ)	Сурет салу Тақырыбы: Әжемнің жіптері (үш түсті бояумен) Мақсаты: Түзу, көлденең тұйықталған сызықтарды жүргізеді Музыка Тақырыбы: Балдырғандар әні . Мақсаты:әннің мәтініне сай музыкалық қимылдар жасайды.. Музыка Тақырыбы: Бала, бала, балапан. Мақсаты: дене мүшелерін игеріп қолды, аяқты қимылдата отырып әуенмен бірге қимылдар жасайды.

	Мақсаты: Допты жоғарыға лақтырып қағып алады.			
2-апта	Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) Тақырыбы: «Допты домалату» Мақсаты:Доптарды бір-біріне домалатады 2. Тақырыбы:«Дәлдеп лақтыру» Мақсаты:Екі қолмен допты ұстап нысанаға дәлдеп лақтырады. 3.Тақырыбы: «Тепе-теңдік сақтау» Мақсаты: гимнастикалық орындыққа тұрып тепе-теңдікті сақтайды	Көркем әдебиет Тақырыбы: Бағдаршам өлеңі. С.Дүкенбай. Мақсаты: Өлеңдердегі қарама-қарсы бинелерді түсінеді	Құрастыру Тақырыбы: Біздің көшедегі екі қабатты үй. Мақсаты: Құрлыс материалдарынан және ірі конструктор бөлшектерінен үй құрастырады . Жаратылыстану Тақырыбы:Жемістер.(алма, алмұрт) Мақсаты: Жемістер туралы қарапайым түсініктерін қалыптастырады	Сурет салу Тақырыбы:«Ұзын жолдар» Мақсаты: қарындашты үш саусағымен дұрыс ұстай отырып, ирек сызықтар салады Музыка Музыка Тақырыбы: Бала, бала, балапан. Мақсаты: дене мүшелерін игеріп қолды, аяқты қимылдата отырып әуенмен бірге қимылдар жасайды. Мүсіндеу Тақырыбы:Анамның қолшатыры Мақсаты: Балалар қолшатыр не үшін қажет екенін түсіне отырып, ермексازдан қолшатырды мүсіндейді.
3- апта	Дене шынықтыру Тақырыбы: «Велосипед» Мақсаты: Ересектердің көмегімен және көмегінсіз велосипедтен түседі Тақырыбы: «Жүру» Мақсаты: Бағытты өзгерте отырып жүреді Тақырыбы: Жүгіру Мақсаты: 30-40 сек бойына үзіліссіз жүгіреді	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Мен тәртіпті баламын» (өлең) Өтебай Тұрманжанов Мақсаты: Балалар өлеңнің мазмұнын тыңдап, тәрбиеші айтқан дыбыстарды анық айта алады.	Сенсорика Тақырыбы: Ұзын, қысқа. Мақсаты: Көлемі бойынша заттарды топтастырады Жаратылыстану Тақырыбы: «Абайла, балақай!» Мақсаты: балалар көшедегі қауіпсіздік туралы мультфильм көре отырып, ережені түсінеді.	Сурет салу Тақырыбы: «Ұзын, қысқа жолдар» Мақсаты:Оңнан солға қарай түзу сызықтар сызады. Музыка Тақырыбы: Күз ырғағы Мақсаты: музыка ырғағына баулып, ойната отырып көңіл – күйін көтереді. Музыка Тақырыбы: Күз ырғағы Мақсаты: музыка ырғағына баулып, ойната отырып көңіл – күйін көтереді.
4-апта	Дене шынықтыру 1.Тақырыбы: «Секіру» Мақсаты: Алға қарай ұмтыла екі аяқтап секіртпемен секіреді	Көркем әдебиет Тақырыбы: Алтын күз	Құрастыру. Тақырыбы : Айдосқа машина сыйлаймыз.	Сурет салу Тақырыбы: Жау-жау , жаңбыр(дайын үлгідегі бұлттың астына)

	Денешынықтыру. Тақырыбы: «Еңбектеу» Мақсаты: Еңіс тақтай бетімен үстімен төрттағандап еңбектеу. 3.Денешынықтыру Тақырыбы: «Өрмелеу» Мақсаты: Доғаның астымен төрттағандап өрмелейді	Мақсаты: Күз туралы түсінеді. Күз туралы тақпақтар айтады.	Мақсаты: құрылыс үлгілеріне қарап машина құрастырады. Жаратылыстану Тақырыбы: Жануарлар әлемі Мақсаты: Балаларжануарларға қамқорлық жасау керек екенін түсінеді.	Мақсаты:Тік сызықтарды қағаз бетіндегі кеңістікті дұрыс пайдалана отырып түсіреді. Музыка Тақырыбы: Күн мен жаңбыр Мақсаты: ойын арқылы көңілді, көңілсіз әуендерді тыңдайды. Жапсыру Тақырыбы: Күзгі бұлт" Мақсаты:Балаларға бұлт оның қасиеті туралы түсінеді. Қиылған бұлттарды жоғары төмен жапсыра біледі.
--	---	--	--	---

Қараша айы

Өтпелі тақырып: «ДЕНІ САУДЫҢ ЖАНЫ САУ»

Мақсаты: Балаларға денсаулық сақтау, шынығу және дәрумендердің адам ағзасына пайдалы екенін түсіндіру. Таза жүру, жеке бас гигиенасын сақтау ережесін үйрету.

Міндеттері:

- шынықтыру-сауықтыру шаралары арқылы балаларды мықтылыққа, шымырлыққа тәрбиелеу, дербес қимыл белсенділігін дамыту;
- дұрыс тамақтану жолдарын насихаттау арқылы алғашқы түсініктерін қалыптастыру;
- әңгімелеу, қызықты ойындар ұйымдастыру арқылы балалардың ертегі және шағын әңгімелердің мазмұнын түсінуіне ықпал жасау;

Тақырыпша	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3	Қатынас-1 Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет -0,5	Таным- 2 Сенсорика-0,5 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	Шығармашылық- 3 Сурет салу-1, Мүсіндеу-0,25 Жапсыру-0,25; Музыка – 1,5
1-апта	Дене шынықтыру Тақырыбы: Жүру Мақсаты: бағдар бойынша жүреді (кілемнің бойымен, жіпке дейін) 2.Тақырыбы: Жүгіру Мақсаты: 30-40 сек бойына үзіліссіз жүгіреді	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Бұл мен!» (суреттерді көрсете отырып, әңгімелесу) Мақсаты: Тәрбиешінің көрсеткен суреттері арқылы. (Кім? Не? Не істейді?) сұрақтарға жауап береді	Сенсорика Тақырыбы: «Мен сияқты жаса» Мақсаты: 3 түсті, көлемі әр түрлі текшелерден пирамида құрастыра алады. Жаратылыстану Тақырыбы: «Үй жануарлары»	Сурет салу Тақырыбы: «Менің моншақтарым» Мақсаты: Сызықтар жүргізу арқылы дөңгелектерді бір-біріне қосуды біледі.. Музыка Тақырыбы: Күн мен жаңбыр Мақсаты: ойын арқылы көңілді, көңілсіз әуендерді тыңдайды. Музыка Тақырыбы: Күзгі бақта

	3. Тақырыбы: Жүгіру Мақсаты: Заттардың арасымен шеңбер бойынша жүгіреді.		Мақсаты: Балалар жануарлардың дене бөліктерін ажыратып және атай алады. (танауы, құйрығы, аяқтары).	Мақсаты: ән арқылы балалардың қызығушылығын арттыру, күзгі бақ туралы түсінеді.
2-апта	Дене шынықтыру Тақырыбы: Секіру Мақсаты: Бір орында тұрып екі аяқтап секіреді Тақырыбы: Еңбектеу Мақсаты: Доғаның астымен нысанаға дейін төрттағандап (алақанымен, тіземен тіреп) еңбектейді. Тақырыбы: Өрмелеу Мақсаты: Еңіс тақтайдың үстімен өрмелеуді біледі	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Жемістер жыры» (өлең) Рза Қунақова Мақсаты: Өлеңді тыңдай біледі, қайталап айтады. Жемістерді (алма, өрік, қара өрік, шие) атайды.	Құрастыру Тақырыбы: «Жемістер натюрморты» Мақсаты: Балалар натюрморт туралы түсінеді. Қиынды суреттерден өздеріне таныс жемістер натюрмортын құрастырады. Жаратылыстану Тақырыбы: Дәрумендер әлеміне саяхат Мақсаты: Балалар жемістердің, көкөністердің дәруменге бай екенін, денсаулыққа пайдасын түсінеді.	Сурет салу Тақырыбы: Дәмді алмалар Мақсаты: Трафареттің көмегімен алманы парақ бетіне дұрыс түсіре алады. Музыка Тақырыбы: Күзгі бақта Мақсаты: ән арқылы балалардың қызығушылығын арттыру, күзгі бақ туралы түсінеді. Жапсыру Тақырыбы: «Ыдыстағы көкөніс» Мақсаты: Дөңгелектің ішіне кішкентай көлемді сопақша пішіндерді орналастыра біледі.
3- апта	Дене шынықтыру 1.Тақырыбы: Допты қағып алу Мақсаты : Допты кеуде тұсынан төменен, жоғары лақтырып қағып алады. 2. Тақырыбы: Допты домалату. Мақсаты : Кеудесінің тұсынан әртүрлі заттардың астымен 0,5-1,5 м арақашықтыққа доптарды домалатады. 3. Тақырыбы: Допты лақтыру Мақсаты: Допты қос қолдап лақтыруды біледі.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Қуыршақты шомылдырайық » Мақсаты: Балалар қуыршақ пен ойнай отырып сөйлейді, дене мүшелерін атайды (қол, аяқ, бас).	Сенсорика Тақырыбы: Күшікке көмек Мақсаты: Пішіндерді пайдалана отырып, күшікке үйшік жасайды. Пішіндерді және түстерін атай біледі. Жаратылыстану Тақырыбы: «Өсімдіктерге күтім жасау» Мақсаты: Өсімдіктерге күтім жасауды, тәрбиешінің суару тәсіліне назар аудара отырып, күтім жасауды түсінеді.	Сурет салу Тақырыбы: «Торғайларға жем шашамыз» Мақсаты: Фломастер, қағазбен жұмыс істеу дағдылары қалыптасады., қағаз бетіне нүктелерді түсіруді біледі Музыка Тақырыбы: Менің мысығым Мақсаты: әуенді тыңдайды, әуен ырғағына сай жай басып жүреді. Музыка Тақырыбы: Менің мысығым Мақсаты: әуенді тыңдайды, әуен ырғағына сай жай басып жүреді.
4-апта	Дене шынықтыру Тақырыбы: Дәлдеп лақтыру	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Шалқан» (орыс халық ертегісі) Мақсаты: Балалар әдеби кейіпкерлердің әрекеттері	Құрастыру Тақырыбы: «Үй саламыз» Мақсаты: Балалар құрылыс материалдары мен үй	Сурет салу Тақырыбы. «Еңбек құралдары» Мақсаты: Балалар еңбек құралдары туралы түсіне отырып, топқа бөлу арқылы трафарет

	Мақсаты: Екі қолмен 1-1,25 м арақашықтықтағы (көлденең) нысанаға дәлдеп лақтырады. 2. Тақырыбы: Тепе-теңдік сақтау Мақсаты: Гимнастикалық орындық үстімен жүріп, тепе-теңдік сақтайды. 3. Тақырыбы: Гимнастикалық орындыққа тұру. Мақсаты: Гимнастикалық орындық үстінде тұрып, тепе-теңдік сақтайды.	мен жүріс-тұрыстарын көрсетеді.	жасайды. Олардың түсін, пішінін, көлемін ажыратады. Жаратылыстану Тақырыбы: «Табиғаттағы еңбек» Мақсаты: Ауладағы ересектердің еңбегін бағалауды біледі. (Суреттер арқылы)	көмегімен еңбек құралдарын қағаз бетіне түсіреді. Музыка Тақырыбы: Ормандағы сұр көжек Мақсаты: ырғақты сезіне біледі. Әуен ырғағымен қимыл- қозғалыс жасайды. Мүсіндеу Тақырыбы: «Футбол добы» Мақсаты: Ермексазды домалақтау әдісі арқылы доп жасауды біледі.
--	---	---------------------------------	---	--

Желтоқсан айы Өтпелі тақырып: «МЕНІҢ ҚАЗАҚСТАНЫМ»

Мақсаты: Балалардың бойында рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру, олардың патриоттық сезімдерін оятуға ықпал жасау. Туған өлкелерінің ерекшеліктері туралы түсініктерін кеңейту.

Міндеттері:

- Астана қаласымен, мемлекеттік рәміздермен және еліміздің Тұңғыш Президентімен таныстыру;
- туған жерге деген мақтаныштарын, қызығушылықтарын ояту;
- балаларды тыңдаған әңгімелер мен тапқатардың мазмұнын тыңдай білуге және түсінуге үйрету.

Тақырыпша	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3	Қатынас-1 Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет -0,5	Таным- 2 Сенсорика-0,5 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	Шығармашылық- 3 Сурет салу-1 Мүсіндеу-0,25 Жапсыру-0,25 Музыка – 1,5
1-апта	Дене шынықтыру Тақырыбы: Тепе-теңдік сақтау 1.Мақсаты: Бағытты өзгерте отыра жүру, әр түрлі бағытта жүгіру, жіңішке арқан бойымен тепе-теңдікті сақтап жүреді	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Менің Отаным» Мақсаты: Балалар туған жер, Отан туралы түсінеді	Сенсорика Тақырыбы: Байтерек Мақсаты: Қиылған суреттерді құрастырады. Шыққан бейненің атауын атайды.	Сурет салу Тақырыбы: Әдемі жалаушалар Мақсаты: Әр түрлі жалаушалардың қолдану қасиеттері туралы түсінеді. Төрт бұрыш пішінді, ұзын таяқшаға бекіту әдісі арқылы қағаз бетіне жалаушаны ұқыпты салады.

	Тақырыбы: «Еңбектеу» Мақсаты: Бір орнында тұрып 15 см биіктіктен секіруді, арқанның астымен еңбектеп өтеді			Музыка Тақырыбы: Ормандағы сұр көжек Мақсаты: ырғақты сезіне біледі. Әуен ырғағымен қимыл- қозғалыс жасайды. Музыка Тақырыбы: Күшігім менің Мақсаты: Әнді тыңдайды шеңбер бойымен тұрады, жануарларға деген қамқорлық сезі оянады.
2-апта	Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) Тақырыбы: Еңбектеу 1. Мақсаты: Бір орнында тұрып 15 см биіктіктен секіруді, арқанның астымен еңбектеп өтеді Тақырыбы: Лақтыру .Мақсаты: Шағын топқа бөлініп жүгіруі, Гимнастикалық орындық үстімен тепе-теңдік сақтап жүруді, Құм салынған қапшықты нысанаға лақтырады. 3. Тақырыбы: Лақтыру Мақсаты: Шағын топқа бөлініп жүгіруі, Гимнастикалық орындық үстімен тепе-теңдік сақтап жүруді, Құм салынған қапшықты нысанаға лақтырады.	Көркем әдебиет Тақырыбы: Біз бақытты баламыз Мақсаты: «Бақыт», «қуаныш», «сүйіспеншілік» құндылықтарының мағынасын түсінеді..	Құрастыру Тақырыбы: Достық үйі Мақсаты: Конструктордан ғимарат құрастырады. Жаратылыстану Тақырыбы: Табиғат туған үйіміз» Мақсаты: Табиғаттағы құстарға, өсімдіктерге, жан-жануарларға көмек көрсете біледі.	Сурет Тақырыбы: Мерекелік шарлар Мақсаты: Балалар тәуелсіздік туралы түсіне отырып, мерекеге арналған шарлар суретін салады. Музыка Тақырыбы: Күшігім менің Мақсаты: Әнді тыңдайды шеңбер бойымен тұрады, жануарларға деген қамқорлық сезі оянады. Мүсіндеу Тақырыбы: Автобус Мақсаты: Балалар көлік туралы түсінеді. Үлгі бойынша пішінін, пропорциясын ескере отырып, автобуст мүсіндейді.
3-апта	Дене шынықтыру 1. Тақырыбы: Секіру Мақсаты: Кеглилер арасымен допты көтеріп жүруді, бір	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Менің Қазақстаным Мақсаты: Балалар Отан, Тәуелсіз	Жаратылыстану Тақырыбы: «Жабайы аңдар» Мақсаты: Суреттер арқылы Қазақстанның	Музыка Тақырыбы: Қонжық пен көжек Мақсаты: Қуыршақ театры арқылы көңіл-күйлерін көтереді.

	орнында тұрып 15 см биіктіктен секіреді Тақырыбы: Домалату Мақсаты: Бір бағытта шеңбер бойымен жұптасып жүруді, доға астынан допты домалатып өтеді	Қазақстанымыз жайлы мәліметті түсінеді.	жабайы аңдарымен танысады (ақ аю, қоян, түлкі, қасқыр)	
4-апта	Дене шынықтыру 1. Тақырыбы: Домалату Мақсаты: Бір бағытта шеңбер бойымен жұптасып жүруді, доға астынан допты домалатып өтеді. 2.Тақырыбы: Лақтыру Мақсаты: Берілген бағытта жалаушаға дейін жүгіруді, допты қос қолдап лақтырады. 3. Тақырыбы: Лақтыру Мақсаты: Берілген бағытта жалаушаға дейін жүгіруді, допты қос қолдап лақтыруды біледі.	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Туған өлке» Ө.Тұрманжановтың Мақсаты: Өлеңді зейін қойып тыңдайды. Өлең жолдарының мағынасын түсініп, қайталайды..	Құрастыру Тақырыбы: «Үй және қақпа» Мақсаты: Балалар құрылыс материалдарымен үй жасайды. Олардың түсін, пішінін, көлемін ажыратады. Жаратылыстану Тақырыбы: Біздің Рәміздер Мақсаты: Мемлекеттік рәміздер туралы түсінеді, берілген сұрақты тыңдап және оған жауап береді	Сурет салу Тақырыбы: Күлімде күн (ұжымдық жұмыс) Мақсаты: Алақанмен сурет салады. Күннің шуақтарын түсіне сәйкестендіре жылдам басып салуды біледі. Музыка Тақырыбы: Қараңдаршы далаға Мақсаты: қимылды ойын арқылы ән айтады. Жапсыру. Тақырыбы: Әдемі жалаушалар Мақсаты: Қиылған дайын жалаушаны қағаз бетіне ұқыпты жапсырады.

2022 жыл Қаңтар айы
Өтпелі тақырып: «ТАБИҒАТ ӘЛЕМІ»

Мақсаты: Балалардың тірі,өлі табиғат және жыл мезгілдері құбылыстары туралы түсініктерін кеңейту.

Міндеттері:

-дидактикалық ойындар ұйымдастыру арқылыбалалардыөсімдіктерді атап, көкөністер мен жемістерді ажыратып айта білуге үйрету;

-қоршаған табиғаттың сұлулығын қабылдауға баулу;

-эстетикалық қабылдауларын, түрлі сенсорлық әсерлерін дамыту.

Тақырыпша	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3	Қатынас-1 Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет -0,5	Таным- 2 Сенсорика-0,5 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	Шығармашылық- 3 Сурет салу-1, Мүсіндеу-0,25 Жапсыру-0,25; Музыка – 1,5
1-апта	Дене шынықтыру Тақырыбы: Жүру Мақсаты: Жиектері шектелген тура жолақпен жүруді біледі. Тақырыбы: Секіру Мақсаты: Алға қарай ұмтыла затқа дейін екі аяқтап секіреді		Сенсорика Тақырыбы: Үлкен-кіші шыршалар. Мақсаты: Шыршаларды өлшемі бойынша салыстыруды және оларды үлгідегідей орналастыруды біледі. Жаратылыстану Тақырыбы: «Қар қасиетімен танысу» Мақсаты: Қардың бақылау, қардың қасиетін, қыс мезгіліндегі қардың пайдасын біледі.	.
2-апта	Дене шынықтыру Тақырыбы: Екі аяқтап секіру Мақсаты: Алға қарай ұмтыла затқа дейін екі аяқтап секіреді	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Түлкі мен қоян» (ертегі) Мақсаты: Ертегінің мазмұнын түсінеді және кейіпкерлерді атай біледі.	Құрастыру Тақырыбы: «Күшік» Мақсаты: Дьенеш блоктары арқылы конструкторлардан күшік бейнесін құрастыра алады.	Сурет салу Тақырыбы: Қардағы іздер Мақсаты: Парақ бетіне бояу жағу арқылы дақ түсіруді біледі. Музыка

	Тақырыбы: Жүру Мақсаты: Шеңбер бойымен қолдарымен әртүрлі қалыптар жасап жүреді Тақырыбы: Допты бір-біріне домалату. Мақсаты: Допты бір-біріне домалатуды біледі.		Жаратылыстану Тақырыбы: «Жануарлар әлемі» Мақсаты: Жануарлардың сипаттық ерекшеліктерімен танысады, дене бөліктерін ажыратып атайды.	Тақырыбы: Шырша мен ойыншықтар Мақсаты: музыканы сезініп, жоғары- төмен дыбыстарды айтады. Мүсіндеу Тақырыбы: «Шыршаның ойыншықтары» Мақсаты:Балалар мүсіндеудің домалақтау әдісін үйрене отырып, ойыншықтар жасайды
3- апта	Дене шынықтыру Тақырыбы: 20 см арақашықтықта орналасқан таспалардан аттау. Мақсаты: Шағын топқа бөлініп, бағытты өзгертіп жүруді, 20 см арақашықтықта орналасқан таспалардан аттап өтеді. Тақырыбы: Аттау(20 см арақашықтықта). Мақсаты: Шағын топқа бөлініп, бағытты өзгертіп жүруді, 20 см арақашықтықта орналасқан таспалардан аттап өтуді біледі. Тақырыбы: Тепе-теңдікті сақтау Мақсаты: Еңіс тақтайдың үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру, (ені 25 см,бір басы 15 см	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Құстар біздің досымыз Мақсаты: Балалар құстар туралы түсініктерді меңгере отырып, құстарға қамқорлық жасауды түсінеді.	Сенсорика Тақырыбы: «Тауық және оның балапандары» Мақсаты: Түсі әр түрлі заттарды көлемі бойынша орналастыру және түстерін атай білуді түсінеді. Жаратылыстану Тақырыбы: «Құстар» Мақсаты: Құстарды ажыратып, атай біледі. (Торғай, қарға, көгершін)	Сурет салу Тақырыбы: «Суық торғай» Мақсаты: Суық торғайдың қысқы тіршілігін түсіне отырып, трафарет көмегімен қағаз бетіне торғайды ұқыпты түсіре біледі. Музыка Тақырыбы: Кел балақан Мақсаты: ырғақты сезініп, «жай және тез», «ақырын және қатты» ұғымдары қалыптасады. Музыка Тақырыбы: Кел балақан Мақсаты: ырғақты сезініп, «жай және тез», «ақырын және қатты» ұғымдары қалыптасады.

	көтерілгенде) допты екі қолмен төменнен лақтырады.			
4-апта	Дене шынықтыру Негізгі қимылдар: Тақырыбы: Лақтыру Мақсаты: Еңіс тақтайдың үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру (ені 25 см, бір басы 15 см көтерілгенде). допты екі қолмен төменнен лақтыруды біледі Тақырыбы: Жүгіру Мақсаты: Белгі бойынша шашырап жүгіреді Тақырыбы: Еңбектеу Мақсаты: Белгі бойынша шашырап жүгіру, арқанның астымен еңбектеп өтеді	Көркем әдебиет Тақырыбы: « Сырғанақ» Мақсаты:Балалар өлең жолдарындағы қандай ойын түрі суреттелгенін айтады.	Құрастыру Тақырыбы: «Шырша ойыншықтары» Мақсаты: Қиылған қағаз бөліктерінен шырша ойыншықтарын құрастырады Жаратылыстану Тақырыбы: Қысқы ойындар Мақсаты: Балалар қыс мезгілі туралы түсіне отырып, қысқы ойын түрлерін атай алады.	Сурет салу Тақырыбы: Жапалақтап қар жауды Мақсаты: Қағазға саусақ арқылы қардың суретін салады Музыка Тақырыбы: Көңілді пойыз Мақсаты: ойын арқылы балалардың есту , сезіну, ән айту қабілеттері қалыптасты. Жапсыру Тақырыбы: «Балапан» Мақсаты: Балалар балапанның түсін, дене құрлысын түсінеді. Қағазға салынған дайын бейненің үстіне қиылған бөліктерді дұрыс жапсырады

Ақпан айы
Өтпелі тақырып: «БІЗДІ ҚОРШАҒАН ӘЛЕМ»

Мақсаты: Балалардың өздерін қоршаған орталары туралы түсініктерін кеңейту, танымдық әрекеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру

Міндеттері:

- қоршаған ортамен өзара әрекет етуге қажетті танымдық әрекеттің қарапайым дағдыларына ие бала тұлғасын дамыту;
- адамгершілік нормаларын, төзімділікті және адамдарға құрмет таныту сезімдерін жетілдіру;
- қызықты қимылды жаттығулар, сенсорлық ойындар ұйымдастыру арқылы түсініктерін кеңейту.

Тақырыпша	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3	Қатынас-1 Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет -0,5	Таным- 2 Сенсорика-0,5 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	Шығармашылық- 3 Сурет салу-1, Мүсіндеу-0,25 Жапсыру-0,25; Музыка – 1,5
1-апта	Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) Тақырыбы: Жүгіру, Секіру Мақсаты: Шашырап жүгіру. Еденде 10-20 см қашықтықта (екі арқаннан тұратын жолақ арқылы) жатқан арқаннан секіреді Тақырыбы: Жүгіру, Секіру Мақсаты: Шашырап жүгіру. Еденде 10-20 см қашықтықта (екі арқаннан тұратын жолақ арқылы) жатқан арқаннан секіреді Тақырыбы: Жүру, Секіру	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Ғажайып қыс» Мақсаты: Өлі табиғат құбылысы қармен танысады, қардың жұмсақ, түсі ақ, мұздай, ериді деген негізгі қасиеттерін айта біледі Ойын жаттығу: «Аққала құрастыр»	Сенсорика Тақырыбы: «Ғажайып күн шуағы» Мақсаты: Дайын үлгідегі дөңгелек пішіннің ішіне, күннің шуағын орналастыруды, түсін, пішішінін ажыратып айтады Жаратылыстану Тақырыбы: «Сумен тәжірибе жүргізу» Мақсаты: Судың мөлдір екенін, бірақ оның кез-келген түске бояуға немесе ластауға болатынын түсінеді.	Сурет салу Тақырыбы: Ақ ұлпа қарлар Мақсаты: Бояуды парақ бетіне сүйкей жағу тәсілі арқылы жіңішке сызықтар түсіре отырып, жауып тұрған ұлпа қардың бейнесін салады Музыка Тақырыбы: Әжемінде қонақта Мақсаты: әуенді тыңдайды, әуенге жеңіл қозғалады, шеңбер бойымен тұрады. Музыка Тақырыбы: Әжемінде қонақта Мақсаты: әуенді тыңдайды, әуенге жеңіл қозғалады, шеңбер бойымен тұрады

	Мақсаты: Гимнастикалық орындық үстінен жүріп өту, секіртпеден секіріп өтуді біледі			
2-апта	Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) Тақырыбы: Секіру Мақсаты: Гимнастикалық орындық үстінен жүріп өту, секіртпеден секіріп өтеді. Тақырыбы: Тепе-теңдікті сақтау. Мақсаты: Түзу және ирек жолдармен жүгіру, Жиектері шектелген тура жолақтың үстімен тепе-теңдікті сақтап жүруді біледі. Тақырыбы: Тепе-теңдікті сақтау. Мақсаты: Түзу және ирек жолдармен жүгіру, Жиектері шектелген тура жолақтың үстімен тепе-теңдікті сақтап жүруді біледі.	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Поезд» (өлеңі) Мақсаты: Өлеңді мұқият тындап, мазмұнын түсінеді. , Балалар поезд дыбысына еліктеп у- дыбысын созып, қимыл әрекеттерін жасап, айтуға үйренеді.	Құрастыру Тақырыбы: «Трамвай» Мақсаты: Құрылыс материалдарының бірнеше бөліктерінен трамвайды құрастырып жасауды біледі. . Олардың түсін, пішінін, көлемін ажыратып айта алады. Жаратылыстану Тақырыбы: «Көліктер» Мақсаты: Балалар көліктер туралы түсіне отырып, атауларын дұрыс атай алады.	Сурет салу Тақырыбы: Машинаның дөңгелектері Мақсаты: Дәстүрден тыс тәсілді (тығын) қолдана отырып машина дөңгелегінің суретін салады. Музыка Тақырыбы: Желбірейді жалауша Мақсаты: ырғақпен нық басып жүреді, би қимылдарын қайталап көрсетеді. Мүсіндеу Тақырыбы: «Ұшақ» Мақсаты: Екі бөлік ермексаз кесектерін алақан арасында дөңгелектеу арқылы, бөліктерінен төртбұрыш, үшбұрыштар бөліп жасайды
3- апта	Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) Тақырыбы: Тепе-теңдікті сақтау. Мақсаты: Түзу және ирек жолдармен жүгіруді, жиектері шектелген тура жолақтың үстімен тепе-теңдікті сақтап жүруді біледі. Тақырыбы: Тепе-теңдікті сақтау.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Телефон» (өлең) Корней Чуковский Мақсаты: Кейіпкер бейнесін сомдауда, түсінікті сөйлеуде, мәнерлі дауыс ырғағы арқылы сөйлеу дағдылары дамиды. Электроника туралы түсіне біледі.	Сенсорика Тақырыбы : Үлкен кіші тоңазышқыш Мақсаты: Тоңазытқыш түрлерімен таныса отырып, үлкен-кіші ұғымын түсінеді. Қима суреттерден тоңазытқыштар құрастыра алады. Жаратылыстану	Сурет салу Тақырыбы: «Теледидаз» Мақсаты: Шаршы пішінді заттардың суретін салуды біледі. Шығармашылық қабілеттері, ой-қиялын дамиды. Музыка Тақырыбы: Менің әжем Мақсаты: мызыканы тыңдайды, ырғақты сезіну қабілеттері дамиды. Музыка Тақырыбы: Менің әжем

	Мақсаты: Түзу және ирек жолдармен жүгіруді, жиектері шектелген тура жолақтың үстімен тепе-теңдікті сақтап жүруді біледі. Тақырыбы: Жүруден жүгіруге ауысу. Мақсаты: Әр түрлі бағытта жүруден жүгіруге ауысу арқылы, шеңберден шеңберге аттау дағдыларын меңгереді.		Тақырыбы:Электроника деген не? Мақсаты: Балалар үй тұрмысындағы заттарды, олардың қасиеттерін-қарапайым пішінін, көлемін танып атай алады.	Мақсаты: мызыканы тыңдайды, ырғақты сезіну қабілеттері дамиды.
4-апта	Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) Тақырыбы: Шеңберден шеңберге аттау Мақсаты: Әр түрлі бағытта жүруден жүгіруге ауысу арқылы, шеңберден шеңберге аттау дағдыларын меңгереді. Тақырыбы: Допты домалату Мақсаты: Допты алға домалату, қуып жету, бір сызықтан қос аяқпен секіреді Тақырыбы: Қос аяқпен секіру Мақсаты: Допты алға домалату, қуып жету, бір сызықтан қос аяқпен секіреді	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Дәрігер Айболит» (ертегі мультфильмін көрсету) Мақсаты: Балалар мейрімділікті, өзге адамдарға, жануарларға қамқорлық қатынасын білдіруді түсініп айта алады.	Құрастыру Тақырыбы: «Машина» Мақсаты: Балалар құрылыс матариалдарымен жұмыс жасауды, олардың түсін пішінін көлемін ажыратып айта алады. Жаратылыстану Тақырыбы: «Бұл мұғалім апай» әңгіме Мақсаты: Балалар мұғалім мамандығы және оның қай жерде жұмыс жасайтыны туралы түсінеді.	Сурет салу Тақырыбы: Ғарышкер зымыраны Мақсаты: Балалар ғарыш туралы түсіне отырып, геометриялық пішіндерді сәйкестендіре отырып, бейнені қағаз бетіне түсіру дағдылары дамиды. Музыка Тақырыбы.:Анам менің тамаша Мақсаты: музыка қабілетін дамиды, ырғақты қимылдарды есте сақтайды. Жапсыру Тақырыбы: Тоңазытқыш Мақсаты: Балалар тоңазытқыш және оның қасиеті туралы түсінеді. Пішіні мен бөліктерін дұрыс орналастыра отырып, жапсыруды біледі.

Наурыз айы
Өтпелі тақырып: «САЛТТАР МЕН ФОЛЬКЛОР»

Мақсаты: Қазақ және басқа халықтардың салт-дәстүрлеріне құрметпен қарауға тәрбиелеу.

Міндеттері:

- ұлттық мерекелер туралы туралы түсініктерін кеңейту және дамыту;
- шығармашылық білім беру саласы бойынша балаларды ұлттық өнерге, салт-дәстүрлерге баулу;
- ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру.

Тақырыпша	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3	Қатынас-1 Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет -0,5	Таным- 2 Сенсорика-0,5 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	Шығармашылық- 3 Сурет салу-1, Мүсіндеу-0,25 Жапсыру-0,25; Музыка – 1,5
1-апта	Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) Тақырыбы: Еңбектеу Мақсаты: Шеңбер бойымен аяқтың ұшымен жүруді, арқанның астымен нысанаға дейін еңбектеуді біледі. Тақырыбы: Еңбектеу Мақсаты: Шеңбер бойымен аяқтың ұшымен жүруді, арқанның астымен нысанаға дейін еңбектеуді біледі. Тақырыбы: Домалату Мақсаты: Қос аяқтап секіру біліктері жетіледі, қимыл үйлесімділігі дамиды,допты 1 м қашықтықтағы қақпаға домалату дағдысын меңгереді.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Киім дүкені» Мақсаты: Балалар ұлттық киім түрлерімен танысады. Ұл мен қыздың киімін ажыратып айта алады.	Сенсорика Тақырыбы: «Әжемнің сақинасы» Мақсаты: Балалар таяқтың көмегімен түрлі –түсті сақиналарды кигізу арқылы пішішін, түсін айта біледі. Жаратылыстану Тақырыбы: «Қуыршақ Айарудың камзолы» Мақсаты: Ұлттық киім ерекшеліктері түсінеді. Өз ойларымен әңгімелеуге үйренеді.	Сурет салу Тақырыбы: Орамалды безендіру Мақсаты:Қағазға бастырмамен жұмыс істеу арқылы, орамалды геометриялық пішіндермен безендіреді. Музыка Тақырыбы: Бесік жыры Мақсаты: «Бесік жыры» арқылы анаға деген сүйіспеншілігі оянады. Музыка Тақырыбы: Бесік жыры Мақсаты: «Бесік жыры» арқылы анаға деген сүйіспеншілігі оянады

2-апта	Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) Тақырыбы: Допты домалату Мақсаты: Қос аяқтап секіру біліктері жетіледі, қимыл үйлесімділігі дамиды, допты 1 м қашықтықтағы қақпаға домалату дағдысын меңгереді. Тақырыбы: Тепе-теңдік сақтау Мақсаты: Ойын ережесін сақтап ойнауды үйренеді. Еңіс тақтайдың үстімен тепе-теңдік сақтап жүруді біледі.		Құрастыру Тақырыбы: «Ертегі құсы» Мақсаты: Балалар ертегілер ғажайыбы туралы түсіне отырып, ертегідегі құс бейнесін құрастыра алады. Жаратылыстану Тақырыбы: Үш аю Мақсаты: Ертегі кейіпкерлерін талдауды, әңгімелеуді біледі.	Сурет салу Тақырыбы: Ертегідегі бауырсақ Мақсаты: Ертегіге шолу жасай отырып, бауырсақтың пішінін, түсін айта алады. Домалақ пішінді қағаз бетіне түсіруді біледі. Мүсіндеу Тақырыбы: Қуыршақтың көйлегіне түйме. Мақсаты: Балалар түйменің пішіні туралы айта отырып, алақанда домалақтау әдісі арқылы түймені мүсіндей алады.
	Дене шынықтыру (негізгі қимылдар)	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы:	Сенсорика Тақырыбы: «Құмыралар»	Сурет салу

3- апта	Тақырыбы: Жүгіру Мақсаты: Еденде жатқан заттан секіруді, алаңның бір жағынан екінші жағына жүгіреді. Тақырыбы: Еңбектеу Мақсаты: Қимыл-қозғалысы белсенділігін арттыру арқылы жолмен жалаушаға дейін еңбектеу дағдыларын түсінеді. Тақырыбы: Жүру Мақсаты: Кішкене қапшықты төбесіне қойып, тақтай үстімен жүруді меңгереді.	«Наурыз мейрамы» Мақсаты: Балалар наурыз мерекесі туралы түсінеді. Наурыз мерекесінің ерекшеліктерін айта алады.	Мақсаты: Аз, көп, артық, кем, сонша ұғымдарын үйренеді. Заттың көлемін анықтауды, зерттеуді түсінеді. Жаратылыстану Тақырыбы: «Менің асықтарым» Мақсаты: Асықтар және оның түрлерімен, түстерімен танысады.	Тақырыбы: «Әжемнің жіп шумақтары» Мақсаты: Балалар түрлі-түсті фломастермен жіп орамының суретін салуды, фломастерді қатты қыспай қағаздың ортасынан бір нүктені белгілеп, сол жағынан жоғарыдан бастап қолды үзбей дөңгелетіп салады Музыка Тақырыбы: Әлди- әлди ақ бөпем Мақсаты: «бәсең және көтеріңкі» дыбыстарды айтады. Музыка Тақырыбы: Әлди- әлди ақ бөпем Мақсаты: «бәсең және көтеріңкі» дыбыстарды айтады.
4-апта	Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) Тақырыбы: Ауданы 50*50см, биіктігі 10см мінбеге өрмелеу Мақсаты: Заттардың арасымен қолды белге қойып, аяқтың ұшымен жүреді. Ауданы 50*50см, биіктігі 10см мінбеге өрмелейді.		Құрастыру Тақырыбы: «Гүлдер» Мақсаты: Дыбыс блоктары арқылы көктем мезгіліндегі гүлдерді (сирен) құрастыруды біледі	Сурет салу Тақырыбы: «Көктемгі ағаштар» Мақсаты: Балалар көктем мезгілі туралы түсіне отырып, дәстүрден тыс сурет салудың әдіс-тәсілімен, мақта таяқшасы арқылы ағаштарға бүршік салуды біледі. Жапсыру Тақырыбы: Оюланған кесе Мақсаты : Қазақтың ұлттық ою-өрнектерімен таныса отырып, кесеге ою жапсыруды біледі

Сәуір айы

Өтпелі тақырып: «БІЗ ЕҢБЕКҚОР БАЛАМЫЗ»

Мақсаты: Балаларды қарапайым еңбек дағдыларына баулу және еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу. Олардың сөйлеуін, зейінін және қиялын дамытуға ықпал жасау.

Міндеттері:

- мектеп жасына дейінгі балалардың еңбек дағдыларын жетілдіру;
- үлкендердің еңбегін бағалауға үйрету;
- танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Тақырыпша	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3	Қатынас-1 Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет -0,5	Таным- 2 Сенсорика-0,5 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	Шығармашылық- 3 Сурет салу-1, Мүсіндеу-0,25 Жапсыру-0,25; Музыка – 1,5
1-апта	Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) Тақырыбы: Еңбектеу Мақсаты:Бір тізбекпен жүруді,баяу, қарқынды өзгерте отырып жүгіруді,арқанның астымен орындыққа дейін еңбектейді. Тақырыбы: Еңбектеу Мақсаты:Бір тізбекпен жүруді,баяу, қарқынды өзгерте отырып жүгіруді,арқанның астымен орындыққа дейін еңбектеуді біледі Тақырыбы: Секіру Мақсаты:Допты алдарындағы доғадан домалатып	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Көктем гүлі Мақсаты: Көктем гүлі қызғалдақпен танысады. Гүлдердің түр – түстерін ажырата біледі. Өсімдіктерді күту ережелерімен танысады.	Сенсорика Тақырыбы: «Түрлі –түсті гүлдер» Мақсаты: Фланелеграфта түрлі-түсті гүлдерді орналастыру барысында «жоғары - төмен», «үстінде-астында» кеңістіктік ұғымдарын үйрете отырып жұмыс жасауға дағдыланады Жаратылыстану Тақырыбы: Бөлме өсімдіктері. Мақсаты: балалар бөлме гүлдерінің пайдасы, оларды күту жолдарын түсінеді	Сурет салу Тақырыбы: Егістіктегі бақбақтар Мақсаты: Жасыл түсті қағаз бетіне ақ түсті бояумен, мақталы таяқшаны қолдана отырып сурет салуды біледі. Ойын тапсырма: «Құмыраны құрастыр» Музыка Тақырыбы: Қошақаны қойдың Мақсаты: ән арқылы жануарлардың енесін, төлін ажырата біледі. Музыка Тақырыбы: Қошақаны қойдың Мақсаты: ән арқылы жануарлардың енесін, төлін ажырата біледі

	өткізуді,кеглилер арасымен қос аяқпен секіруді біледі.			
2-апта	Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) Тақырыбы:Қос аяқпен секіру Мақсаты:Допты алдарындағы доғадан домалатып өткізуді, кеглилер арасымен қос аяқпен секіруді біледі. Тақырыбы:Жүгіру Мақсаты: Берілген бағытта әртүрлі қарқынмен жүгіру. Гимнастикалық орындық үстімен жүріп келіп, бір орнында баяу айналады Тақырыбы: Гимнастикалық орындық үстімен жүру. Мақсаты:Берілген бағытта әртүрлі қарқынмен жүгіру. Гимнастикалық орындық үстімен жүріп келіп,бір орнында баяу айналу.	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Бауырсақ» (орыс халық ертегісі, ертегінің жаңа нұсқасын көрсету) Мақсаты: Ертегіні мұқият тыңдау арқылы, қойылған сұрақтарға өз ойымен жауап бере алады.	Құрастыру Тақырыбы: «Ыстық тоқаш» Мақсаты:Нан түрлерімен таныса отырып, нан үлгісі салынған қиылған қағаздардан құрастыру жұмысын жасай алады. Жаратылыстану Тақырыбы: «Ас атасы-нан» Мақсаты: Балалар нанның қасиетімен танысып, нанның қиқымын тастамай, оны қастерлей білуді түсінеді.	Сурет салу Тақырыбы: Дастархандағы бауырсақ Мақсаты: (Дәстүрден тыс)Қақпақтармен батыру әдісі арқылы сурет салуды біледі.. Музыка Тақырыбы: Лағым Мақсаты: жеңіл музыка әуеніне ілесіп лақтың қимылын жасайды. Мүсіндеу Тақырыбы: Бауырсақ Мақсаттары: Нанды қастерлеуді түсіне отырып, бауырсақты түсі бойынша мүсіндей алады.
3- апта	Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) Тақырыбы: Жүру Мақсаты: Заттардың арасымен қолды белге қойып, аяқтың ұшымен жүреді Тақырыбы: Лақтыру Мақсаты: Кішкентай допты оң қолдарымен себетке лақтыруды біледі.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Адасқан құмырсқа» ертегісі Мақсаты: Таныс сюжеттер бойынша ертегілерді әңгімелейді. Достық қарым-қатынас және өзара көмек көрсету дағдылары қалыптастасады.	Сенсорика Тақырыбы: «Әдемі көбелектер» Мақсаты: Көбелектерді түстеріне және көлеміне сәйкес іріктеуарқылы, негізгі түстер жайлы айта алады. Жаратылыстану Тақырыбы: «Жәндіктер» Мақсаты: Балалар жәндіктермен, олардың	Сурет салу Тақырыбы: Шөптегі қанқыз Мақсаты:Дайын шөпке трафарет арқылы қанқызын салуды және мақта таяқшасы арқылы үстіне дақтар салады Музыка Тақырыбы: Құлыншақ Мақсаты: Музыка әуенімен үй жануарларының қимылдарын байланыстыра жасайды. Музыка Тақырыбы: Құлыншақ

	Тақырыбы: Кегельдер арасында ирелеңдеп жүгіру Мақсаты: Кішкентай доппен кегельдер арасында ирелеңдеп жүгіруді, гимнастикалық орындық үстімен, қолды белге қойып жүріп өтуді біледі.		өзіне тән белгілерін айыра алады. (көбелек, қоңыз).	Мақсаты: Музыка әуенімен үй жануарларының қимылдарын байланыстыра жасайды.
4-апта	Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) Тақырыбы: Жүру Мақсаты: Кішкентай доппен кегельдер арасында ирелеңдеп жүгіруді, гимнастикалық орындық үстімен, қолды белге қойып жүріп өтуді біледі. Тақырыбы: Лақтыру Мақсаты: Заттардың арасымен қолды белге қойып, аяқтың ұшымен жүруді, кішкентай допты оң қолдарымен себетке лақтырады. Тақырыбы: Лақтыру Мақсаты: Заттардың арасымен қолды белге қойып, аяқтың ұшымен жүруді, кішкентай допты оң қолдарымен себетке лақтырады.	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Алғашқы көмек» (әңгіме) Ж.Бұғыбаев Мақсаты: Балалар әдеби кейіпкерлердің әрекеттері мен жүріс-тұрыстарын талдау, оларға баға беруді, өзінің көзқарасын білдіруді үйренеді.	Құрастыру Тақырыбы: Пирамида Мақсаты: Балалар пирамида туралы түсіне отырып, үлкен-кіші пирамида құрастыруды біледі. Жаратылыстану Тақырыбы: «Үлкендердің еңбегін бағалау» Мақсаты: Сурет қарау арқылы үлкендердің еңбегі туралы түсініп, оларды құрметтеуді үйренеді.	Сурет салу Тақырыбы: «Қошақандарға шөп береміз» Мақсаты: Жасыл түсті пайдалана отырып шөптердің суретін салуды біледі. Музыка Тақырыбы: Әукім-әукім бұзауым Мақсаты: Музыка әуенімен үй жануарларының қимылдарын байланыстыра жасайды. Жапсыру Тақырыбы: «Жемсауыт пен ұя» Мақсаты: Жемсауыт пен ұяны жапсыру әдістерін түсіне отырып, үлгі бойынша жапсыра алады.

Мамыр айы
Өтпелі тақырып: «ӘРҚАШАН КҮН СӨНБЕСІН!»

Мақсаты: Балалардың бойында адамгершілік қасиеттерін анықтау, оларды достық сезімге, мейрімділікке тәрбиелеу.

Міндеттері:

- балалардың топтағы қарым-қатынас дағдыларын анықтау және дамыту;
- достыққа, мейрімділікке жетелейтін іс-шаралар, ойындар т.б. өткізу;
- өз еліне құштарлық сезімдерін ояту, ой-өрісін дамыту.

Тақырыпша	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3	Қатынас-1 Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет -0,5	Таным- 2 Сенсорика-0,5 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	Шығармашылық- 3 Сурет салу-1, Мүсіндеу-0,25 Жапсыру-0,25; Музыка – 1,5
1-апта	Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) Мақсаты:Педагогтың артынан жүру, жүгіру, шеңберге тұруды біледі. 1.Арқанның астымен нысанаға дейін төрттағандап еңбектеу. 2.Еңіс тақтай үстімен жүруді меңгереді.. Мақсты: Шеңбер бойында қолдарын әртүрлі қалыптармен қимылдар жасай жүруді,орындық астымен еңбектеп өтуді, 0,5-1,5метр арақашықтықта отырған қалыпта доптарды бір-біріне домалатуды біледі.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Түлкі мен тырна» (орыс халық ертегісі) Мақсаты: Балалар ертегі мазмұнын түсінеді	Сенсорика Тақырыбы: «Ақпыз, қара, сарымыз» Мақсаты: Түрлі түсті пирамидаларды құрастырады (қызыл, жасыл, көк, сары, күлгін, қара, ақ) Жаратылыстану Тақырыбы: Достық бірлікте Мақсаты: Достық қарым-қатынас туралы түсіне отырып. айнала қоршаған ортаға мейірімді болуды үйренеді.	Сурет салу Тақырыбы: Желбірейді жалау Мақсаты:Балаларбірлік мерекесі туралы түсіне отырып, мерекелерде қолданатын жалауды жасай алады. Қағаз бетіне кішкентай көк түсті жалауша салады. Музыка Тақырыбы: Көктем гүлі көрікті Мақсаты: әуенгі ілесе жеңіл би қимылдарын жасайды. Музыка Тақырыбы: Көктем гүлі көрікті Мақсаты: әуенгі ілесе жеңіл би қимылдарын жасайды.
	Дене шынықтыру		Құрастыру	Сурет салу

2-апта	(негізгі қимылдар) 1.Мақсты: Шеңбер бойында қолдарын әртүрлі қалыптармен қимылдар жасай жүруді,орындық астымен еңбектеп өтуді, 0,5-1,5метр арақашықтықта отырған қалыпта доптарды бір-біріне домалатуды біледі. 2.Мақсаты: Гимнастикалық орындық үстінде қолдарын жанына жая жүріп өтуді, еден үстінде созылып жатқан арқан үстінде бір қырымен жүруді біледі. -Кішкене қапшықты төбесіне қойып,тақтай үстімен жүріп өтеді.		Тақырыбы: «Зымыран» Мақсаты: Әртүрлі түстегі және пішіндегі тұратын құрылыс материалдарынан бірінің үстіне бірін қою, текшелерді үйлестіре отырып, құрастырады. Жаратылыстану Тақырыбы: «Менің атам жауынгер» Мақсаты: Балалар өздерінің отбасы мүшелерін атап айта алады. Ерлік туралы түсінеді.	Тақырыбы: «Жұлдызша» Мақсаты: Балаларды дайын үлгідегі суретті қызыл түсті гуашпен бояуға, қылқаламды пайдалануды біледі. Дидактикалық ойын: «Бұл қандай пішін» Мүсіндеу Тақырыбы: «Ұшақ» Мақсаты: Бейне салынған көгілдір қағаз ортасына ермексазды жағу арқылы ұшақты бейнелей алады. Ұшақтың қай көлік түріне жататынын біледі.
3- апта	Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) 1. Мақсаты: Шағын топпен бір-біріне кедергі жасамай жүгіру, жүгіруді, құм салынған қапшықты жәшікке лақтыруды, аласа орындық үстінде еңбектеуді біледі. 2.Мақсаты: Балалар жүруді, жүгіру дағдыларын меңгереді. Құрсаудан еңбектеп өтуді, бір және екі қолмен допты еденге ұру дағдыларын меңгереді..	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Жазда» (өлең) <i>Нәсіпбек Айтөв</i> Мақсаты:Жыл мезгілдері жайлы ойларын кеңейту, жайқалған жаз, жазғы қызықтар туралы түсінік бере отырып суреттерде бейнеленгендері айтады	Сенсорика Тақырыбы: «Көңілді балықшылар» Мақсаты: Балаларды әртүрлі тәсілдермен судан затты алу дағдысын жаттықтыру. Жаратылыстану Тақырыбы: «Алақай жаз келді» Мақсаты: Жаз мезгілімен, табиғаттағы маусымдық өзгерістермен танысады (күннің көзі нұрын шашады, адамдардың киіміне назар аудару).	Сурет салу Тақырыбы: Балықтар жүзеді Мақсаты:Дәстүрден тыс сурет салудың әдіс-тәсілін түсіндіре отырып, майшамның көмегімен аквариумдағы балықтың суретін салады.. Музыка Тақырыбы: Көңілді барабан Мақсаты: ырғақты ажыратады, барабанда ойнауды үйренеді. Музыка Тақырыбы: Көңілді барабан Мақсаты: ырғақты ажыратады, барабанда ойнауды үйренеді.

4-апта	Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) 1. Мақсаты: Балалар жүруді, жүгіру дағдыларын меңгереді. Құрсаудан еңбектеп өтуді, бір және екі қолмен допты еденге ұру алады. 2. Мақсаты: Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Шеңбер бойымен денені тік ұстап, адымдап жүру дағдыларын меңгереді. Жол бойымен еңбектеуді, гимнастикалық орындық үстінде тұру, қолын жоғары көтеру және түсіру дағдыларын меңгереді. 3. Мақсаты: Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Шеңбер бойымен денені тік ұстап, адымдап жүру дағдыларын меңгереді. Жол бойымен еңбектеуді, гимнастикалық орындық үстінде тұру, қолын жоғары көтеру және түсіру дағдыларын меңгереді.	Көркем әдебиет Тақырыбы: Туған жердің табиғаты Мақсаты: Тірі және өлі табиғат құбылыстарына қызығушылық танытады. Туған жердің табиғатына деген қызығушылықтары дамиды.	Құрастыру Тақырыбы: Біздің еңбек. «Құстың ұясы» Мақсаты: Заттардың үлгі бойынша пішінін, түсін ескере отырып құрастырады Жаратылыстану Тақырыбы: «Құмды зерттеймін» Мақсаты: табиғи материалдардың қасиеттерімен танысады	Сурет салу Тақырыбы: «Доп саламын» Мақсаты: Балалар қарапайым дөңгелек пішінді саусақпен құмда салуды біледі. Музыка Тақырыбы: Кел билейік Мақсаты: көпке ілесе қимылдайды, екеуден айналады. . Жапсыру Тақырыбы: «Қошақан» Мақсаты: Үй жануары қошақан бейнесін жырту тәсілі арқылы жапсырады